

№2 «Айгөлек» бөбекжай-бақпасы МКЖК педагогикалық кеңесінің

2023-2024 оқу жылының жоспары

Мінсаты оқыту – тәрбиелеу процесін жақсарту және бағдарламаның тапсырмаларын
менгеру т.б.

№	Педагогикалық кеңес тақырыбы және бағдарламалары	өткізілу түрлері	уақыты	жауаптылар
I	Балыбақшының және оқу жылына дайындығы. 1. Жалпы мұғалымдық жұмыс жоспарының орындалуы 2. Жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту. 3. «Және оқу жылына және міндеттер белгілеп, тапсырмалар беру» 4. Тәрбиешілердің жылдық сарптама есептерін, және оқу жылына дайындығы туралы мәліметтерін тыңдау 5. Облыстық тәрбие мәжілісіне қатысқан педагогтардың іс-тәжірибесімен бөлісуі. 6. Көңіл-күй айнасы. Психологтың әріптестермен жұмысы	Жиналыс	тамыз	менгеруші әдіскер психолог
II	«Балыбақшының оқу-тәрбие жұмысын және бағытта ұйымдастыру» 1. Балалардың қыркүйек айында өткізілген даму қабілеттілік көрсеткіштерінің қорытындысын жасау. 2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын іске асыру» тәрбиешілер Башинова А.Р., Хиват К. іс-тәжірибесімен бөлісуі 3. Ағымдағы мәселелер. 4. Психологиялық ойын-жаттығу	Семинар	қараша	Әдіскер Башинова А.Р. Хиват К. Психолог
III	Балыбақшының өнекті мәселесі: «Ойын технология арқылы балалардың шығармашылық-креативтілік ойлауын дамыту» 1. Өнекті мәселе бойынша тәрбиешілердің атқарған жұмыстарының есептері. 2. Қытай айындағы балалардың даму мониторингінің қорытындысы 3. Шеберлік сынап «Синквейн Геоборд Сторителлинг Миндала Ночь в музее Следопыт» тәсілдерімен бөлісу әдіскер Панина А.З 4. Психологтың жұмысы	Іс-тәжірибесімен бөлісу Шеберлік сағаты	азпан	Панина А.З. Сабинай Б.М.

IV	«Ойын әрекетің ұйымдастыру арқылы баланы жан-жақты дамыту» 1. Ұлттық ойындардың балаға тигізер пайдасы. 2. Балалардың тілін дидактикалық ойындар арқылы дамыту. 3. Драмалық ойындардың ерекшелігі 4. II-тоқсан бойынша балалардың көрсеткіштерін талдау 5. Әріптестерге арналған тренинг	Жиналыс	наурыз	менгеруші психолог әдіскер Хиват К Каракулова Н.К. Башанова А.Р.
V	Педагогикалық ұжымның жыл бойғы жұмысын қорытындылау. 1. Жылдық міндет бойынша атқарылған жұмыстар. Есеп тыңдау. Мониторинг нәтижесі 2. Педагогтардың проблема бойынша атқарған жұмыстары. Каракулова Н.К. Тулегенова Б.К. шеберлік сыныбынан іс-тәжірибесімен бөлісуі 3. Жыл бойына балалардың денсаулық көрсеткіштері. 4. Жазғы маусымдық жұмыс жоспарын талқылау, бекіту.	Жиналыс	мамыр	менгеруші психолог әдіскер Башанова А.Р. Каракулова Н.К.

№2 «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы МКҚК
педагогикалық кеңес отырысы

№ 1 хаттамасы

Мәртөк селосы
Қатыскандар: 10

31.08.2023ж

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: «Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы.»

1. Жазғы маусымдық жұмыс жоспарының орындалуы
2. Жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.
3. «Жаңа оқу жылына жаңа міндеттер белгілеп, тапсырмалар беру»
4. Тәрбиешілердің жылдық сараптама есептерін, жаңа оқу жылына дайындықтары туралы мәліметтерін тыңдау.
5. Облыстық тамыз мәжілісіне қатысқан педагогтардың іс-тәжірибесімен бөлісуі.
6. Көңіл-күй айнасы. Психологтың әріптестермен жұмысы

Бірінші мәселе бойынша әдіскер А.Панина сөз алып, жазғы маусымдық жоспарының орындалуы туралы айтып өтті. Жазғы маусымда өткізілген серуендер, саяхат, сергіту, шыңықтыру шаралары, ауа ваннасы, құм терапиясы өткізілгені туралы айтып өтті.

Сонымен қатар А.Панина биылғы жылы жаңа өзгерістерді айтып өтті. Тәрбиешілердің үш нақты құжаты болуы тиісті. Перспективалық жоспар, циклограмма, балалардың жеке даму картасы. Перспективалық жоспар бір ауздан қабылданды, және бекітілді.

Жаңа оқу жылына міндеттер белгіленді. Тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайта отырып, денсаулық сақтау технологиясының дәстүрлі емес әдістерін қолдану. МДУ-да ойын арқылы балалардың шығармашылық-креативтілік ойлауын дамыту. Алға қойған өзекті мәселеміз «Ойын арқылы балалардың шығармашылық –креативтілік ойлауын дамыту» міндетіне тоқталды. Міндетті өзекті мәселе ретінде қарастырып, жыл бойына осы мәселе бойынша жұмыс жасау ұсынылды.

Топ тәрбиешілерінің жаңа оқу жылына дайындықтары тыңдалды. Топ тәрбиешілері Топеева Ж., Молдамет А., Балапан тобы, Каракулова Н., Тулегенова Б., Көбелек тобы, Башанова А., Хиват К., Гулдер тобы. Өз топтары бойынша қысқаша айтып, жаңа оқу жылына дайындықтарын айтып өтті.

Облыстық тамыз мәжілісіне қатысқан педагог- психолог Сабанбай Б., педагогикалық іс- тәжірибесімен бөлісті. Жаңа шыққан әдістермен таныстырды. Агамограф, кубизм, Синквейн, геоборд т.б.

Тренинг Сабанбай Б. Педагогтердің арасында өткізді «Көңіл күй айнасы» Педагогикалық кеңесті әр түрлі мәселелер бойынша қорыта келе төмендегідей шешім қабылданды.


Шешім:

1. Жазғы маусымдық жұмысқа «қанағаттанарлық» деген баға берілсін.
2. Жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.
3. Жаңа оқу жылында алынған міндет бойынша жұмыс жасалсын.

Пед.кеңесте қаралған шешімге қалыс қалғандар жоқ. Бірауздан дауыс берілді.

Торайымы:

Хатшы:



К.С.Мухамбеткалиева

Кубенова Ш.О

№2 «Айгөлек»бөбекжай-бақшасы МКҚК
педагогикалық кеңес отырысы

№ 2 хаттамасы

Мәртөк селосы
Қатысқандар 10

24.11.2023ж

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: «Балабақшадағы оқу-тәрбие жұмысын жаңа бағытта ұйымдастыру»

1. Балалардың қыркүйек айында өткізілген даму күзіндеттілік көрсеткіштерінің қорытындысын жасау.
2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын іске асыру» (тәрбиешілер Башанова А.Р., Хиват К. іс-тәжірибесімен бөлісуі)
3. Ағымдағы мәселелер.
4. Психологиялық ойын-жаттығу

1. Балалардың даму күзіндеттілік көрсеткіштерінің қорытындысы бойынша жасалынған жұмыстар туралы тәрбиеші Түлегенова Б. Сөз алып өз тобында балалардың күзіндеттілік көрсеткіштері нәтижесіне тоқталды. Қазір топта балалардың білім деңгейін көтеру үшін Макариев Абдулла, Жуманғалиева Райна, Талғатов Ескендір, Сансызбай Әлібек, Ермухамбет Тілекжані Киікбай Нұрлан түзету дамыту жұмыстары жүргізіліп жатқанын айтып өтті. «Гүлдер» тобында барлығы 20 бала оның ішінде 7 бала төмен деңгей көрсеткен, жұмыстар жасалынуда. «Балана» тобында барлығы 17 бала, оның ішінде 6-сы төмен деңгей көрсеткен, жеке жұмыс бар. Тәрбиешілерге баламен жеке жұмыс жасап, жалғастыру ескертілді.

2. Тәрбиеші Башанова А., Хиват К., Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жұмыс жасау туралы өз тәжірибесімен бөлісті. Циклограммадағы жас ерекшелігіне сәйкес ойындар, түрлі, мақсаты туралы түсіндірді.

3. Ағымдағы мәселелер бойынша меңгеруші Т.Жармағамбетова сөз алып, балабақшада күн тәртібі, балалардың режимін сақтау қажеттілігін айтты. Уақытылы жаттығу жасау, дұрыс тамақтануды ұйымдастыру, балабақшаға кешікпей уақытылы келу туралы ескертті.

4. Психологиялық ойын «Айна» жаттығуын өткізді. Айнадан не көрдіңіз? Айна болған қиын ба, қызық па? Сынды сұрақтар қойылды.

Педагогикалық кеңесті әр түрлі мәселелер бойынша қорыта келе төмендегідей шешім қабылданды.

Шешім:

1. Балалармен жеке түзету дамыту жұмыстары қабылданды.
 2. Үлгілік оқу бағдарламасына сүйеніп циклограмма құрудың жолдарын түсіндіру жұмыстары жалғастырылсын.
 3. Күн тәртібі сақталсын.
 4. Ата-аналарға баланы кешіктірмеу туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
- Пед кеңесте қаралған шешімге қалыс қалғандар жоқ. Бірауздан дауыс берілді.

Торайымы:

Хатшы:



Т.Ж.Жармағамбетова

Кубенова Ш.О

№2 «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы МКҚК
педагогикалық кеңес отырысы

№ 3 хаттамасы

Мәртөк селосы
Қатысқандар:9

22.02.2024ж

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: «Ойын технология арқылы балалардың шығармашылық-креативтілік ойлауын дамыту»

1. Өзекті мәселе бойынша тәрбиешілердің атқарған жұмыстарының есептері.
2. Қаңтар айындағы балалардың даму мониторингінің қорытындысы
3. Шеберлік сынып: «Синквейн», «Геоборд», «Сторителлинг», «Мандала», «Ночь в музее», «Следопыт» тәсілдерімен бөлісу. әдіскер Панина А.З.
4. Психологтың жұмысы

1.Өзекті мәселелер бойынша тәрбиешілердің атқарған жұмыстарының есептері тыңдалды. Тәрбиеші Кубенва Ш. «Құм терапиясы арқылы балалардың сенсорлық қабілеттерін жетілдіру» тақырыбында өз жұмысын баяндады. Балалармен өткізген құммен ойын, құмдағы іздерді тану, құм арқылы ертегі айту әдісімен білісті. Слайд арқылы өзінің жасаған жұмыстарын көрсетті. Тәрбиеші Топеева Ж., «Ойын арқылы балалардың саусақ моторикасын, сөйлеу тілін дамыту» тақырыбында тәжірибесімен бөлісті. Баяндамашы өз баяндамасын толық жазбаған слайд суреттері, нақты дәлел жоқ болуы себебі әріптестер тарапынан «қанағаттанарлық»деген баға қойылып өзекті мәсінсін жқоба ретінде жетілдіріп, алдағы уақытта көпшілік назарына ұсыну қажеттігі айтылды. Тәрбиеші Тулегенова Б. «Сурет салудың дәстүрлі емес әдістерін қолдану» тақырыбында баяндама ұсынды. Тәрбиеші баяндамаға аузша дайындық жасалған, нақты дәлел жоқ. Слайд жасақталмаған. Тәрбиешіге ескерту жасалды. Тәрбиеші Каракулова Н., «Ертегі терапиясы арқылы баланың ой-өрісін дамыту» тақырыбында баяндамаға дайын еместігі анықталды. Баяндаманы қағаз бетіне түсірмеген. Аузша айтып өтті. Баяндамашы Каракулова Н. Баяндамасына әріптестер «қанағаттанарлықсыз»деген баға берді.Әдіскер А.Панина тәрбиешілер бүгінгі пед кеңеске толық дайындалмауы себепті ескерту жасады.

2.Қаңтар айындағы балалардың дамыту мониторингі қорытындысы бойынша әдіскер есеп берді. 2 жастағы балалар 80 пайыз, ортаңғы жастағы балалар 90 пайыз көрсеткіші көрсеткен. Әдіскер нәтиженің тым жоғары екендігін айтып, тәрбиешілерге өрескел қателіктер жібергені үшін ескерту жасады. Келесіде балаларды бағалаған кезде мұқият толтыру қажеттілігін айтты.

3. Шеберлік сынып: «Синквейн» , «Геоборд», «Сторителлинг», «Мандала», «Ночь в музее», «Следопыт» әдістерімен бөлісу тақырыбында әдіскер А.Панина баяндама жасады. Тәрбиешілерге осы аталған әдістер көрсетіліп алдағы уақытта тәжірибеде көрсетуге ұсыныс жасалды.

4. Психолог Б.Сабанбай әріптестерге арналған «Мен қандаймын?» тақырыбында тренинг өткізді. Әріптестер ойын шарты бойынша бір біріне қағазға сипаттама берулері керек. Тек жақсы қасиеттерін жазып, жақсы тілек тілеулері керек. Тәрбиешілер, барша педагогтар тренинг көңілді белсене қатысты.

Педагогикалық кеңесті әр түрлі мәселелер бойынша қорыта келе төмендегідей шешім қабылданды.

Шешім:

1. Өзекті мәселе бойынша тәрбиешілердің есебі «канағаттанарлықсыз» деп танылсын. Келесі пед кеңеске осы тақырып бойынша қайталап баяндама ұсынылсын.
2. Даму мониторингі мамыр айында нақты фактіге сүйеніп толтырылсын.
3. Жаңа әдіс-тәсілдер оқу әрекетінде қолданылсын.

Пед кеңесте қаралған шешімге қалыс қалғандар жоқ. Бірауздан дауыс берілді.

Торайымы:



Т.Ж.Жармагамбетова

Хатшы:

Кубенова Ш.О

№2 «Айголек» бөбекжай-бақшасы МКҚК
педагогикалық кеңес отырысы

№4 хаттамасы

Мәртөк селосы
Қатыскандар:9

15.03.2024ж

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: «Ойын әрекетін ұйымдастыру арқылы баланы жан-жақты дамыту»

1. Ұлттық ойындардың балаға тигізер пайдасы.
2. Балалардың тілін дидактикалық ойындар арқылы дамыту.
3. Драмалық ойындардың ерекшелігі
4. II-тоқсан бойынша балалардың көрсеткіштерін талдау
5. Әріптестерге арналған тренинг

Сөз алушылар:

Алдымен меңгеруші Клара Советовна сөз алып, күн тәртібімен таныстырды.


1. Тәрбиеші Хиват К «Ұлттық ойындардың балаға тигізер пайдасы.» тақырыбында баяндама жасады. Тәрбиеші өз тобында «Ұлттық ойындар» картотекаларын дайындады.
2. Тәрбиеші Каракулова Назым Куандыковна дидактикалық ойындар арқылы бала тілін дамыту туралы кеңес беріп өтті. Өз тәжірибесінде қолданылатын дидактикалық ойындарды мысалға келтірді.
3. Тәрбиеші Башанова Айслу Рыскалиевна «Драмалық ойындардың ерекшелігі» тақырыбында тәрбиешілерге кеңес беріп өтті. Кеңесте театр ойындары кеңінен қамтылған.
4. II тоқсан бойынша даму көрсеткіштері нәтижесінде тәрбиешілер түзету дамыту баламен жеке жұмыстарын жүргізген
5. Психолог Сабанбай Балгүл Муратқызы әріптестерге арналған сергіту тренинг жасады.

Шешім:

1. Ұлттық ойындар дене шынықтыру оқу әрекетінде, тыс уақытта кеңінен қолданылсын.
2. Дидактикалық ойындар картотекасы толықтырылсын.
3. Балалармен II тоқсан нәтижесі бойынша түзету – дамыту жұмыстары жүргізілсін.

Пед. кеңесте қаралған шешімге қалыс қалғандар жоқ. Бірауздан дауыс берілді.

Торайымы:



Мухамбеткалиева К.С.

Хатшы:



Кубенова Ш.О.

№2 «Айголек» бөбекжай-бақшасы МКҚК
педагогикалық кеңес отырысы
№ 5 хаттамасы

Мәртөк селосы
Қатыскандар:9

30.05.2024ж

Күн тәртібінде:

1. Жылдық міндет бойынша атқарылған жұмыстар. Есеп тыңдау. Мониторинг нәтижесі.
2. Педагогтардың проблема бойынша атқарған жұмыстары. Каракулова Н.К. Тулегенова Б.К. шеберлік сыныбынан іс-тәжірибесімен бөлісуі.
3. Жыл бойына балалардың денсаулық көрсеткіштері.
4. Жазғы маусымдық жұмыс жоспарын талқылау, бекіту.

Бірінші мәселе бойынша әдіскер Панина А. сөз алды. Жылдық міндеттер бойынша атқарылған жұмыстарға есеп беріп өтті. Жылдық міндеттердің бірі- денсаулық сақтау технологиясының дәстүрлі емес әдістерін қолдану арқылы балалардың денсаулықтарын нығайту мәселесі бойынша жыл бойына сауықтыру-шынықтыру шаралары өткізілді. Күнделікті дене шынықтыру оқу әрекетінде дәстүрлі әдістер қолданылады. Мысалы су-джок терапиясы, түтікшемен үрлеу, таза ауада сумен шынығу, құммен жаланаяқ жүру, ауа ваннасын қабылдау, күн ваннасын қабылдау, массажды жолдармен жүру, бассейнге түсу, майтабанға арналған жаттығулар түрлерін өткізу іс-шаралар өткізілді. Денсаулық күндері, скалиозға арналған жаттығулар, спорттық сайыстар, медбике кеңесі өткізілді. Екінші міндет ойын арқылы балалардың шығармашылық креативтілік қабілеттерін дамыту мәселесі бойынша ата-аналар жиналысы өткізілді. Балабақша ішілік семинар қыркүйек айында «Баланы ерте жастан дамыту бағдарлары, креативтілік ойлауды дамыту» тақырыбында тәрбиешілерге арналған семинар өткізілді. Әдіскер А.Панина ақпан айында «Шеберлік сынып» : «Синквейн», «Геоборд», «Ночь в музее», «Сторителлинг» әдістемелерімен бөлісіп, педагогтарға іс-тәжірибесімен бөліскен. Қыркүйек айында «Әжелер» мектебі құрылып, жоспар бойынша жұмыс жасады. «Мақал сөзін азығы, жұмбақ ойдың қазығы» ойын-сайысы өткізілді. «Ана, әже және мен» республикалық байқауының аудандық кезеңіне тәрбиеші Тулегенова Б. Қатысып, Үздікқұйымдастырылған шара номинациясына ие болды. Облыстық видеороликтер байқауында қатысып, жүлделі 3 орынға ие болды. Облыстық жас педагогтарға арналған «Жас ұстаз табысқа апара жол» облыстық форумның отуіне белсене атсалысып, шеберлік сыныбын көрсетті. Облыстық педагогикалық олимпиадаларға тәрбиешілер Кубенова Ш., Тулегенова Б., қатысып 3 орынға, психолог Сабанбай Б.3 орынға ие болды.

Педагогтардың проблема бойынша атқарған жұмыстарына есеп. Тәрбиеші Каракулова Н. «Ертегі терапиясы арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту» тақырыбында жасалған жұмыстарға есеп берді. «Шалқан» ертегісі, «Баурсақ», «жеті лақ», «Үш аю» ертегілері балалар сахналаған. Тәрбиеші Каракулова Н. Жасалған жұмыстарға әріптестері тарапынан «қанағаттанарлық» деген баға берілді. Әдіскер А. Панина жасалған жұмыстарды кеңейтуді тапсырды. Тәрбиеші Тулегенова Б. өзекті мәселесі «Дәстүрлі тыс әдістерді сурет салу әрекетінде қолдану» тақырыбында өткен жұмыстарға тоқталды. Сурет салудан жасалған дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы салынған суреттерді көрсетті. Тәрбиешіге меңгеруші Т.Жармағамбетова жасалған жұмыстарын одан әрі мазмұнын кеңейтуді тапсырды. Сурет көрмелері, квест ойыны, арт- терапия, сурет байқаулары, шеберлік сыныптар, т.б. өткізіліп, жұмыс аясын жандандыру қажеттігін түсіндіріп, ескерту жасады. Жұмысқа «қанағаттанарлық» деген баға берді.

Жыл бойына ауру-сырқау анализін медбике Д.Джаймағамбетова оқыды. Жыл бойына ауырған балалар саны 176. Оның ішінде тұмау 109, пневмония-0, инфекциялық конъюнктивит-1, ларингит-10, стоматит-2, бронхит-10, тонзилит-9, фарингит-21, желшешек-2 қалған аурулар түрі жоқ. Ата-аналарға кеңестер берілді.

Жазғы маусымдық жұмыс жоспары әдіскер А.Панина тарапынан талқылануға ұсынылды. Жазғы маусымдық жұмыс жоспарына мерекелік іс-шаралар, ойын-сауқтар, спорттық сайыстар, музейге, өрт қауіпсіздігі мекеме, кітапхана, паркке бару жоспарланған. Музыка жетекшісіне, тәрбиешілерге жоспарға сай жұмыс жасау тапсырылды.


Шешім:

Жылдық міндет бойынша атқарылған жұмыстар «қанағаттанарлық» деп танылсын, жұмыстар әрі қарай жалғастырылсын;


Жазғы маусымдық жұмыс жоспары бекітілсін. Жоспардың орындалуын қадағалау әдіскер А.Панинаға міндеттілісін.

Пед кеңесте каралған шешімге калыс калғандар жоқ. Бірауздан дауыс берілді.

Торайымы:

 Жармагамбетова Т.Ж.

Хатшы :

 Кубенова Ш.О.